

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
2014 ж. « 30 » 09 заңды  
Түпте мемлекеттік тіркелуден қайта ашылды  
№ 1644 1910-01-80 куәлік  
Алғашқы тіркелген күні 2008 ж. « 01 » 10  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫКСКОГО РАЙОНА  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПЕРЕРЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА 30.09.2010 г.  
свидетельство № 1644 1910-01-80  
Дата первичной регистрации « 01 » 10 2008 г.  
БСН/ЕИН 031040003597

«25» қыркүйек 2014 жылғы  
Акционерлердің кезектен  
Тыс жалпы жиналысы  
Хаттамасымен бекітілген

Утверждено Протоколом  
Внеочередного общего  
собрания акционеров  
от «25» сентября 2014 года

«SkyBridge Invest»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ  
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА

«SkyBridge Invest»

г. Алматы, 2014 ж.

КЕЛЕСІ БЕТТІ  
ҚАРАҢЫЗ  
СМОТРИ  
НА ОБОРОТЕ

Осы Жарғы «SkyBridge Invest» акционерлік қоғамының (ары қарай – Қоғам) атауын, орналасқан жерін, құқықтық дәрежесін, құрылу және қызмет ету, қайта құрылу және жабылу тәртібін, акционерлердің және үшінші жақтың құқықтары, міндеттері, құқықтары мен қызығушылықтарының қорғалу талаптарын, мекемелер мен лауазым иелерінің құқықтары мен жауапкершіліктерін және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін жағдайларды анықтайды.

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына № 415-ІІ 2 маусым 2003 жылғы (ары қарай – Заң) және басқа Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған және бекітілген.

«SkyBridge Invest» Акционерлік қоғамы «Компас» Инвестициялық портфельді басқару Компанисы» Акционерлік қоғамының құқығын иеленуші болып табылады.

## **БАП 1. ҚОҒАМНЫҢ ТИПІ, АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ**

1.1 «SkyBridge Invest» Акционерлік қоғамы (ары қарай Қоғам) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам болып табылады.

1.2. Қоғамның ресми атауы:

Толық атауы:

Қазақ тілінде: «SkyBridge Invest» Акционерлік қоғамы.

Орыс тілінде: Акционерное общество «SkyBridge Invest».

Ағылшын тілінде: Joint Stock Company «SkyBridge Invest».

Қысқартылған атауы:

Қазақ тілінде: «SkyBridge Invest» ИҚБК АҚ.

Орыс тілінде: АО «SkyBridge Invest».

Ағылшын тілінде: JSC «SkyBridge Invest».

1.3. Қоғамның атқарушы мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, «Нурлы Тау» Бизнес орталығы блок 1А, 2-этаж, кеңсе 201.

1.4. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

## **БАП 2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ ДӘРЕЖЕСІ**

2.1. Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру үшін құралдарды тарту мақсатында акциялар шығаратын, сонымен қатар өзінің негізгі мақсаты ретінде акционерлердің қызығушылығында табыстар жасауды қоятын коммерциялық ұйым. Меншік формасы – жеке.

2.2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады және өз қызметін әрекет етуші заңнамаларды, осы Жарғыны, бекітілген

- тәртіппен акционерлердің жиналысының шешіміне қарай және басқа Қоғамның басқару мекемелерінің бекітілген тәртіппен лауазымдарының шегінде қабылданған шешімімен қабылданған ішкі тәртіптерді басшылыққа ала отырып жүзеге асырады.
- 2.3. Қоғамның өз акционерлерінің мүлкінен бөлек және олардың міндеткерліктері бойынша жауап бермейтін мүлкі бар.
- 2.4. Қоғамның өз балансы, мөрі, өз атауы жазылған бланктері және басқа да қызметін жүзеге асыруға арналған реквизиттері, банктерде шоттары, соның ішінде валюталық шоттары бар. Қоғамның акционерлердің шешімімен бекітілетін және заңнамаларда бекітілген жағдайларда үлгілері заңнамаларда бекітілген тәртіппен тіркелетін өз тауар белгісі мен символикасы бар.
- 2.5. Қоғам әрекет етуші заңнамаларда бекітілген шектерде және тәртіппен кез-келген әрекет етуші заңдарға қайшы келмейтін азаматтық-құқықтық шарттар жасасуға, мүліктік құқықтар мен міндеттер алуға, соттарда арызданушы және жауапты болуға, сонымен қатар кез-келген заңғы қайшы келмейтін шарттар мен заңды әрекеттер жасауға құқылы.
- 2.6. Қоғам тәуелді және қол астындағы қоғамдарды және серіктестіктерді, филиалдарды, уәкілдіктерді, біріккен мекемелерді Қазақстан Республикасының территориясында және шет елде ашылу орнының заңнамаларына сәйкес құруға құқылы; басқа қоғамдарға және шаруашылық серіктестіктерге және басқа коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға қатысу үлесін сатып алу арқылы және басқа кез-келген әрекет етуші заңнамаға қайшы келмейтін әдіспен қатысуға құқылы.

### **БАП 3. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ**

- 3.1. Қоғамның құрылу және қызмет етуінің негізгі мақсаты акционерлер ызығушылығына қарай табыс табу.
- 3.2. Қоғамның негізгі қызмет түрлері:
- 1) инвестициялық қоржынды басқару жөніндегі қызмет;
  - 2) құнды қағаздар нарығында клиенттердің шоттарын номиналды ұстаушы ретінде жүргізу құқығына ие брокерлік қызмет көрсету;
  - 3) дилерлік қызмет;
  - 4) андеррайтинг;
  - 5) кеңестер беру;
  - 6) маркет- мейкер қызметі;
  - 7) құнды қағаздар ұстаушылардың өкілі қызметі;
  - 8) жаңа эмитенттер құнды қағаздарын ұйымдастырылған құнды қағаздар нарығына шығару;
  - 9) акционерлік капиталға қатысу;
  - 10) ақпараттық қызмет көрсету;
  - 11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.
- 3.3. Барлық көрсетілген қызмет түрлері Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасы төңірегінде және қажет болған жағдайда, сәйкес лицензиялар, сонымен

қатар басқа рұқсат қағаздарын, сертификаттар, Қазақстан Республикасының сол салада лауазымды мемлекеттік мекемелерінің рұқсаттарын алған соң жүзеге асырылады.

#### **БАП 4. ҚОҒАМНЫҢ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.**

- 4.1. Қоғам өз мүлкінің шегінде өз міндеттері бойынша жауапты.
- 4.2. Қоғам мемлекеттің міндеттері бойынша жауапты емес, сол сияқты мемлекет те Қоғамның міндеттеріне жауапты емес.
- 4.3. Қоғам өз акционерлері міндеттері бойынша жауапты емес. Акционерлер Қоғамның міндеттері бойынша жауапты емес, және Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекеліне берілмейді, тек өздеріне тиесілі акциялар құнының шегінде ғана, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайлардан басқа.

#### **БАП 5. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ**

- 5.1. Қоғамның мүлкі Қоғам қызметін қамтамасыз етуге арналған, соның ішінде осындай қызметтің нәтижесінде пайда болатын Қоғамның міндеттерін қамтамасыз ету үшін.
- 5.2. Қоғам мүлкі келесілердің есебінен қалыптасады:
  - 1) акционерлердің Қоғамның акцияларын төлеуге тапсырған мүліктері;
  - 2) қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табыстар;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тыйым салынбаған негіздерде алынған басқа мүліктер.
- 5.3. Қоғамның мүлкі Қоғамның жекеменшік иелігінде болып табылады.
- 5.4. Қоғам құрған құрылымдық бөлімдердің мүлкі Қоғамның жекеменшік иелігінде.

#### **БАП 6. ЖАРҒЫЛЫҚ ҚАРЖЫ**

- 6.1. Қоғамның Жарғылық қаржысының көбеюі жарияланған акцияларды тарату арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамның Жарғылық қаржысы құрушылардың (жалғыз құрушы) акцияларды олардың номиналды құнымен төлеуі және инвесторлармен олардың Заңмен бекітілген жарияланған құнымен төлеуі арқылы қалыптасады, және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетіледі.

#### **БАП 7. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ. ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ РЕЕСТРЛЕР ЖҮЙЕСІ**

- 7.1. *Қоғамның құнды қағаздары туралы жалпы ережелер*
  - 7.1.1. Қоғам қарапайым және ерекшеленген акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз формада шығарылады.
  - 7.1.2. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығында бірнеше адамға тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер болып танылып және өздерінің ортақ уәкілдері арқылы акцияда куәлендірілген құқықтармен қолданады.
  - 7.1.3. Бір түрдің акциясы әр акционерге осы түр акциясының басқа акция иелеріне берілген құқықтар көлемін береді, егер басқаша Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілмесе. Қарапайым акция акционерге акционерлердің жалпы жиналысына қатысып дауысқа салынған барлық сұрақтарды шешу кезінде дауыс беру құқын береді, акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес қоғамның таза табысы болған жағдайда дивиденттер алуға құқық береді, сонымен

- қатар қоғамның жабылуы жағдайында мүлкінің бүр бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес иелену құқын береді.
- 7.1.4. Қоғам шығару, жариялау, айналымға салу және өтеп аяқтау талаптары мен ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілетін басқа құнды қағаздар шығаруға құқылы.
- 7.1.5. Егер Қоғам қарапайым акцияларға конвертирленген жарияланған акциялар мен басқа құнды қағаздарды таратуға сонымен қатар ертерек сатып алынған құнды қағаздарды сатуға бекінсе, онда Қоғам шешім қабылданған күннен бастап он күнтізбелік күннің ішінде өзінің акционеріне жазбаша түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құнды қағаздарды Қоғам мекемесімен бекітілген тарату құнына оларда бар акциялардың санына пропорционалды түрде тең жағдайда сатып алуға ұсыныс жасауға міндетті. Акционер Қоғам акцияларды сататыны туралы хабарламаны алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды сатып алуға ерекше сатып алу құқына сәйкес өтінім білдіруге құқылы. Сонымен бірге Қоғамның қарапайым акцияларын иеленген акционер қарапайым акцияларды ерекшеленген сатып алуға құқылы, ал Қоғамның ерекшеленген акцияларын иеленген акционер ерекшеленген акцияларды ерекшелеп сатып алуға құқылы.
- 7.1.6. Қоғамның акционерлерінің құнды қағаздарды ерекшеленген сатып алу құқығын жүзеге асыру тәртібі уәкілетті мекемемен бекітіледі. Қоғамның қарапайым акцияларына конвертирленген акциялар мен құнды қағаздарды ерекшелеп сатып алу құқығымен алған акционер акцияны жариялау мерзімінен бастап тоқсан күн ішінде төлеуі тиіс.
- 7.1.7. Жарияланған акцияларды орналастыруға, сонымен қатар ертерек сатып алынған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамаларымен бекітілген пруденциалды және басқа нормалар мен шектерді орындау мақсатында жүзеге асыруға ниеттенген Қоғам, уәкілетті мекеменің талабымен шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде өз акционерлерін жазбаша хабарландыру немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құнды қағаздарды өздерінде бар акциялардың санына пропорционал жағдайларда орналасқан бағамен, құнды қағаздарды орналастыру туралы шешім қабылдаған қоғам мекемесі бекіткен, сатып алу туралы хабардар етуі тиіс. Акционер Қоғам акцияларды сататыны туралы хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде қоғам акцияларына конвертирленген акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды сатып алуға ерекше сатып алу құқына сәйкес өтінім білдіруге құқылы. Ерекшеленген сатып алу құқы бойынша алынған Қоғам акцияларын төлеу акционермен оларды алуға өтінім берілген күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде жүзеге асырылады. Қоғамның қарапайым акцияларына конвертирленген акциялар немесе басқа құнды қағаздар төленбеген жағдайда көрсетілген мерзім өткен соң өтінім жарамсыз деп танылады.
- 7.1.7. Қоғамның қарапайым акцияларына конвертирленген акциялар немесе басқа құнды қағаздар төленбеген жағдайда көрсетілген мерзім өткен соң, осы баптың 7.1.5, 7.1.6 пункттерінде бекітілген, өтінім жарамсыз деп танылады.
- 7.1.8. Ерекшеленген сатып алу құқығы қоғам акционерлеріне оған басқа қоғам қосылған жағдайда акциялар орналастырылған жағдайда берілмейді.
- 7.1.9. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымдарының мемлекеттік тіркеуі бір немесе бірнеше орналастырумен жарияланған акциялар санының шегінде өткен соң орналастыра алады. Акцияларды орналастыру акционерлермен қоғамның қарапайым акцияларына конвертирленген акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды ерекшеленген сатып алу құқығын жүзеге асыру арқылы, жазылу

немесе құнды қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында өткізілетін аукцион арқылы, немесе жазылу немесе құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізілетін аукциондар арқылы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда құнды қағаздар мен қоғамның ақшалай міндеткерліктерін қарапайым акцияларына конвертирлеу арқылы жүзеге асырылады.

- 7.1.10 Егер акционер қоғамның қарапайым акцияларына конвертирленген акциялар мен басқа құнды қағаздарын оған ерекшеленген сатып алу құқығына сәйкес берілген отыз күнтізбелік күн ішінде алмаған жағдайда, бұл құқық жаңа акциялар немесе басқа құнды қағаздар иесіне көшеді, егер бұрыңғы меншік иесі ондай өтінім бермесе.
- 7.1.11 Акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған қоғам мекемесі бекіткен акциялардың орналасу бағасы бұл акциялар сатылуы мүмкін бағаның ең төменгі болып табылады.  
Акционерлер ерекшеленген сатып алу құқығына сәйкес орналасуына шешім қабылдаған қоғам мекемесінің бекіткен осы акциялардың орналасуының ең төменгі бағасымен алады. Қоғамның акциялары осы орналастыру шегінде жазылу арқылы акция сатып алушыларға барлығына бірдей бағаға сатылады.
- 7.1.12 Егер қоғамның уәкілетті мекемесі жарияланған акцияларды орналастыру туралы ертерек қабылданған шешімінің талаптарын өзгерту туралы шешім қабылдаса, және оны орналасатын акциялар санын көбейту және (немесе) ерекшеленген сатып алу құқығы арқылы акционерлерге ұсынылған бағасын азайту арқылы жүзеге асырса, қоғам акционерлерге осы акцияларды қайтадан ерекшеленген сатып алу құқығы арқылы алуға мүмкіндік береді.
- 7.1.13. Акцияларды орналастырған кезде қоғамға келесілерге тыйым салынады:  
1) орналасқан акцияларды сатып алуға;  
2) эмитенттің құқығы немесе міндетімен эмитенттің орналасқан акцияларын сатып алу қарастырылатын келісімшарттар жасасу (құнды қағаз сатып алу).

## 7.2. *Акциялар түрлері*

- 7.2.1. Қарапайым акция акционерге акционерлердің жалпы жиналысына қатысып дауысқа салынған барлық сұрақтарды шешу кезінде дауыс беру құқын береді, акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес қоғамның таза табысы болған жағдайда дивиденттер алуға құқық береді, сонымен қатар қоғамның жабылуы жағдайында мүлкінің бүр бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес иелену құқын береді.
- 7.2.2. Ерекше акциялар иелері-акционерлер қарапайым акциялар иелерінің алдында алдын-ала бекітілген көлемде дивиденттерді алуға, және Қоғам жұмысын тоқтатқан жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүлкінің бір бөлігіне ие болуға ерекше құқыққа ие.
- 7.2.3. Орналастыру кезінде қоғамның ерекшеленген акциялар саны оның орналастырған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.
- 7.2.4. Ерекшеленген акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысуға құқық бермейді, келесі жағдайлардан басқа:  
ерекшеленген акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін сұрақты қарастыру кезінде. Мұндай сұрақ бойынша шешім тек шектеуге орналасқан ерекшеленген акциялардың (сатып алынып қойғандарды қоспағанда) жалпы санының үштен бір бөлігінен кем емесі дауыс берген жағдайда қабылданған болып есептеледі. Ерекшеленген акцияларға ие акционердің

құқығын шектеуі мүмкін шешімдер қабылданатын сұрақтарға келесі сұрақтар жатады:

- 1) ерекшеленген акциялар бойынша төленетін дивиденттер мөлшері азайғанда не мөлшерін есептеу тәртібі өзгергенде;
  - 2) ерекшеленген акциялар бойынша дивиденттерді төлеу тәртібі өзгергенде;
  - 3) ерекшеленген акцияларды қоғамның қарапайым акцияларына ауыстырғанда;
  - 4) ерекшеленген акцияларды Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықтан қоғам сатып алған кезде құнын анықтау әдістемесіне өзгеріс енгізуді бекіту туралы (әдістемені бекітеді, егер ол құру жиналысында бекітілмесе) сұрақ қарастырылғанда;
  - 5) Қоғамның қайта құрылуы немесе жұмысын тоқтату туралы сұрақ қарастырылғанда;
  - 6) ерекшеленген акция бойынша дивиденд төлеуге бекітілген үш ай мерзім өтіп кеткен соң толық мөлшерде төленіп бітпеген кезде.
- 7.2.5. Қоғам орналасқан қоғам акцияларының бір түрін осы Қоғамның басқа акция түріне ауыстыруға құқылы. Қоғамның орналасқан акцияларын осы Қоғамның басқа акция түріне ауыстыру талаптары, мерзімдері және тәртібі акцияларды шығару даңғылы мен Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітіледі.

### **7.3. Құнды қағаздар және басқа ақшалай міндеткерліктерді Қоғамның қарапайым акцияларына конвертирлеу**

- 7.3.1. Қоғам конвертирленетін құнды қағаздар шығаруға құқылы.
- 7.3.2. Акцияларға конвертирленетін Қоғамның құнды қағаздарын шығару Қоғамның жарияланған және орналастырылған акцияларының арасында рұқсат етіледі.
- 7.3.3. Қоғамның құнды қағаздарын конвертирлеу талаптары мен тәртібі конвертирленетін құнды қағаздар шығару даңғылымен анықталады.
- 7.3.4. Қоғамның кредиторларының алдында құнды қағаздар мен басқа ақшалай міндеткерліктерді конвертирлеу келесі құжаттардың бірінің негізінде жүзеге асырылады:
- 1) Қоғамның қарапайым акцияларына конвертирленетін құнды қағаздарды шығару даңғылы;
  - 2) реабилитация жоспары, егер Қоғам кедей қарызданушы болса, Қазақстан Республикасының банкрот туралы заңнамасымен қарастырылған тәртіппен қабылданған.
- 7.3.5. Құнды қағаздарды Қоғамның қарапайым акцияларына құнды қағаздарды шығару даңғылының негізінде конвертирлеу кезінде акцияларды ерекшелеп сатып алу құқығы ертерек құнды қағаздарды Қоғамның қарапайым акцияларына конвертирленетін құнды қағаздарды орналастыру кезінде құнды қағаздарды ерекшелеп сатып алу құқығына ие болған акционерге беріледі.
- 7.3.6. Қоғам құнды қағаздарды қоғамның қарапайым акцияларына осындай конвертирлеуден кейін қарапайым акцияларды сатып алған тұлғалар сәйкес қызмет түрін жүргізуге қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде бекітілген талаптарды орындаған жағдайда конвертирлеуге құқылы.

### **7.4. Құнды қағаздар ұстаушылары реестрінің жүйесі**

- 7.4.1. Құнды қағаздар ұстаушыларының жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтауды Қоғамның тіркеушісі жүзеге асырады, ол Қоғамның аффилирленген тұлғасы болмауы тиіс және оның аффилирленген тұлғасы болмауы тиіс.

- 7.4.2. Қоғамның акцияларын ұстаушылар реестрінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау тәртібі, сонымен қатар мемлекеттік уәкілетті мекеменің ол туралы ақпарат беруі Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасымен анықталады.
- 7.4.3. Қоғам Қоғамның тіркеушісімен уәкілетті мемлекеттік мекемеге Қоғамның жарияланған акцияларының шығарылымын тіркеу мақсатында бергенге дейін Қоғам акцияларының ұстаушылары реестрінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау бойынша қызмет көрсету туралы келісімшарт жасауға міндетті.
- 7.4.4. Орналастырылған акцияға толық төлем жасалғанша Қоғам осы акцияны сатып алушының шотына Қоғамның акцияларын ұстаушылар реестрі жүйесінде аударуға бұйрық шығаруға құқы жоқ.

## БАП 8. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 8.1. Акционерлер құқылы:
- 1) Заңмен және (немесе) осы Жарғымен анықталған тәртіппен Қоғамның басқаруына қатысуға;
  - 2) дивидендтер алуға;
  - 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептерімен танысуға, акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда анықталған тәртіппен;
  - 4) құнды қағаздарға меншік құқығын растайтын анықтамалықтарды тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан алуға;
  - 5) Қоғамның директорлар Кеңесіне сайлануға үміткерлерді ұсыну;
  - 6) Қоғамның мекемелері қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен дауға салу;
  - 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша анықтамамен арыздану және Қоғамға өтінім түскен күннен бастап отыз күннің ішінде жауап алу;
  - 8) Қоғам жұмысын тоқтатқан жағдайда мүлкінің бір бөлігіне;
  - 9) Қоғамның оның акцияларына конвертирленетін акцияларын немесе құнды қағаздарын ерекшелеп сатып алуға, Қазақстан Республикасының заңнамалық акттерінде қарастырылған жағдайлардан басқа;
  - 10) басқа Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес рұқсат етілген әрекеттерді жүзеге асыруға;
  - 11) өзінде немесе басқа акционерлермен бірге алғанда қоғамның бес және одан көп пайыз дауысты акцияларға ие болғанда сот органдарына өз атынан жүгінуге, Заңның 63 және 74 баптарында көрсетілген жағдайларда, Қоғамның лауазым иелері Қоғамға келтірген шығындарын өтеуін талап етіп, және Қоғамға сол лауазым иелері және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғалары тапқан табыстарын қайтаруын талап етіп, жасалған немесе жасауға ниеттелген үлкен келісімшарттар негізінде.
- 8.2. Ірі акционер сонымен қатар құқылы:
- 1) акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыруға немесе сотқа Директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыруға келіспеген жағдайда шағымдануға;
  - 2) Директорлар кеңесіне акционерлер жалпы жиналысының күнтізбесіне қосымша сұрақтар қосуға ұсыныс жасауға, Заңға сәйкес;
  - 3) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
  - 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамда аудит өткізуін талап етуге.
- Осы баптың 8.1 және 8.2 пункттерінде анықталған акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

- Осы баптың 8.1 және 8.2 пункттерінде көрсетілген акционерлердің құқықтарынан басқа Қоғам Жарғысымен акционерлердің қосымша құқықтары да болуы мүмкін.
- 8.3. Акционерлер міндетті:
- 1) акцияларды төлеуге;
  - 2) осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен акцияларды номиналды ұстаушыны Қоғамның акцияларын ұстаушылар реестрі жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы он күннің ішінде хабардар еткізу;
  - 3) Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен сақталатын құпиясы бар ақпаратты жарияламау;
  - 4) Заңға және басқа Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес басқа міндеттерді орындау.
- Қоғам мен тіркеуші акционерлердің осы баптың 2 пунктінде бекітілген талаптарды орындамауына жауапты емес.

## **БАП 9. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ МЕКЕМЕЛЕРІ**

- 9.1. Қоғамды басқару мекемелері болып табылады:
- 1) Жоғарғы мекеме – акционерлердің жалпы жиналысы;
  - 2) Басқару мекемесі – Директорлар кеңесі;
  - 3) Атқарушы мекеме – Билік;
  - 4) Бақылаушы мекеме – Ішкі аудит қызметі.

## **10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ**

- 10.1. Қоғамның жоғарғы мекемесі болып акционерлердің жалпы жиналысы табылады. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс деп бөлінеді.
- 10.2. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысы қаржылық жыл біткен соң бес ац ішінде өткізілуі тиіс. Көрсетілген мерзім үш айға созылған болып егер есепшілік мерзімнің аудиті аяқталмайтын жағдайда саналады. Басқа жалпы жиналыстар кезектен тыс болып табылады.
- Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:
- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітіледі;
  - 2) Өткен қаржылық жыл бойынша Қоғамның таза табысының таратылу тәртібі анықталады және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін анықтайды;
  - 3) акционерлердің Қоғам әрекеттеріне көзқарастары сұрағы және оларды қарастыру нәтижелері қарастырылады.
- Директорлар Кеңесінің төрағасы Қоғамның акционерлерін Директорлар Кеңесінің мүшелері мен Қоғам Басқармасының мадақтау мөлшері мен құрамымен таныстырады.
- Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысының уәкілеттілігіне аударылған басқа да сұрақтарды қарастыруға құқылы.
- 10.3. Қоғамда акционерлердің жарты жылдық жалпы жиналысы өтеді. Акционерлердің жарты жылдық жалпы жиналысы қаржылық жылдың алты айының аяқталуы бойынша үш айдың бойында өткізілуі тиіс. Көзделген мерзім көзделген кезең ішінде қоғам аудитті аяқтауды мүмкін болмаған жағдайла, үш айға дейін ұзартылды деп саналады. Акционерлердің жарты жылдық жалпы жиналысы:
- 1) Қоғамның жарты жылдық қаржылық есебін бекітеді;
  - 2) қаржылық жылдың алты айының ішінде Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін және Қоғамның бір жай акция есебіне дивидент көлемі арқылы жартыжыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлемін анықтайды;

3) Заңға және (немесе) акционерлер жалпы жиналысының ерекше құзыретімен Жарғыға қатысты шешім қабылдаудың басқа да мәселелерін қарайды.

**10.4. Тек акционерлердің жалпы жиналысының уәкілеттігі**

- 10.4.1. Тек акционерлердің жалпы жиналысының уәкілеттігіне келесі сұрақтар жатады:
- 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа шығарылымда бекіту;
  - 2) Қоғамның еркін қайта құрылуы және жұмысын тоқтатуы;
  - 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның жарияланып орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту;
  - 4) Қоғамның құнды қағаздарын конвертирлеу талаптары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
  - 5) Қоғамның қарапайым акцияларына конвертирленетін құнды қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
  - 6) Орналастырылған бір түрлі акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастың талаптары мен тәртібін анықтау;
  - 7) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын анықтау, лауазымдарының мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және лауазым иелерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін атқарғандары үшін тағайындалатын мадақтау мқлшерін және төлем жасау талаптарын және шығындарын төлеп беруді анықтау;
  - 8) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық компанияны анықтау;
  - 9) Жылдық қаржылық есепті бекіту;
  - 10) Қоғамның есептік қаржылық жылдағы таза табысын тарату тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша дивидендтің Қоғамның бір қарапайым акциясына келетін есептік көлемін бекіту;
  - 11) Қоғамның жарты жылдық қаржылық есебін бекіту;
  - 12) қаржылық жылдың жарты жылдық қорытындысы бойынша Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін және Қоғамның бір жай акция есебіне дивидент көлемін анықтау арқылы жарты жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциясы бойынша дивидент төлемін анықтау
  - 13) қарапайым акциялар бойынша жарты жылдың қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жарты жылдың қорытындылары бойынша дивидендтің Қоғамның бір қарапайым акциясына келетін есептік көлемін бекіту;
  - 14) Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
  - 15) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың құрылуы немесе қызметіне қатысуы не басқа заңды тұлғалардың қатысушылары құрамынан активтер бөліктерін немесе бірнеше бөліктерін, қосындысы Қоғамға тиесілі активтердің жиырма бес және одан көп пайызды құрайтын, беру арқылы (алу) шығу туралы шешім қабылдау;
  - 16) Қоғамның акционерлерді хабарландыру түрін анықтау және сондай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру туралы шешім қабылдау;
  - 17) Қоғамның құнды қағаздарды ұйымдастырылмаған нарықтан Қазақстан Республикасының құнды қағаздар туралы заңнамасына сәйкес сатып алуы кезіндегі акциялардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;
  - 18) акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау, егер ондай тәртіп Қоғам Жарғысымен анықталмаса;

- 19) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
- 20) шешімдерін қабылдау Заңмен және (немесе) Жарғымен тек акционерлердің жалпы жиналысының лауазымына жатқызылған басқа да сұрақтар. Осы Жарғының 1)-3) және 17) пункттерінде көрсетілген сұрақтар бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының маманданған көпшілігімен қабылданады. Басқа сұрақтар бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері дауыс беруге қатысушы Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады, егер Заңмен және Жарғымен басқадай қарастырылмаса.
- 10.4.2. Шешімдері тек акционерлердің жалпы жиналысының лауазымына жүктелген сұрақтарды Қоғамның басқа мекемелері мен лауазым иелеріне аударуға тыйым салынады.
- 10.4.3. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның басқа мекемелерінің Қоғамның ішкі қызметіне қатысты сұрақтар бойынша қабылдаған шешімдерінің кез-келгенін теріске шығаруға құқылы.
- 10.5. Жылдық акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар Кеңесімен шақырылады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы келесілердің шешімімен шақырылады:
- 1) директорлар Кеңесінің;
  - 2) ірі акционердің.
- Еркін ликвидация процесіндегі Қоғамның Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның ликвидациялық комиссиясымен шақырылуы, дайындалуы және өткізілуі мүмкін.
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға себеп болатын жағдайлар бекітілуі мүмкін.
- 10.6. Акционерлердің жалпы жиналысының дайындалуы мен өткізілуін жүргізеді:
- 1) Басқарма;
  - 2) жасалған келісімшартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі;
  - 3) директорлар Кеңесі;
  - 4) Қоғамның ликвидациялық комиссиясы.
- Акционерлердің жалпы жиналысының шақырылуы, дайындалуы және өткізілуіне байланысты шығындарды қоғам көтереді, Заңмен бекітілген жағдайлардан басқа.
- 10.7. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы, қоғам мекемелері Заңмен бекітілген акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу тәртібін бұзған жағдайда, соттың кез-келген тараптың ізденуі бойынша қабылданған шешімімен шақырылуы мүмкін.
- Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы, егер қоғамның мекемелері оның кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы талабын орындамаған жағдайда, соттың ірі акционердің ізденуі бойынша қабылданған шешімі негізінде шақырылуы мүмкін.
- 10.8. Акционерлер жалпы жиналыс болатыны туралы отыз күнтізбелік күннен кеш емес мерзімде хабардар болулары тиіс, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайларында – жиналыс өткізілетін күнге кем дегенде қырық бес күн қалғанда ақпараттандырылулары тиіс.
- 10.9. Қаржылық ұйым болып табылатын Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының өткізілуі кезінде, егер күнтізбелік мерзімге талабымен Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекітілген нормалар мен лимиттерді және басқа да міндеттелген лимиттер мен нормаларды орындау мақсатында қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту тұрса, акционерлер («алтын

- акция» иегері) болатын жалпы жиналыс жайында кем дегенде он күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайларында – кем дегенде жиналыс өтетін күнге он бес жұмыс күні қалғанда хабарланулары тиіс.
- 10.10. Акционерлердің жалпы жиналысының өтетіні туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы немесе оларға жіберілуі тиіс. Егер Қоғам акционерлерінің саны елуден аспаса хабарлама акционерге жазбаша хабарлау арқылы жеткізілуі тиіс.
- 10.11. Қоғамдағы Акционерлердің жалпы жиналысы туралы хабарламада жазылуы тиіс:
- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
  - 2) жиналысты шақырушы инициатор жайлы мәліметтер;
  - 3) Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы өтетін уақыт, күні және орын, жиналысқа қатысушыларды тіркеу уақыты және бірінші жиналыс өтпеген жағдайда қайта өтетін жиналыстың уақыты мен орны;
  - 4) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін жасау күні;
  - 5) акционерлер жалпы жиналысының күнтәртібі;
  - 6) Қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күнтәртібіне байланысты материалдармен таныстыру тәртібі.
- 10.12. Миноритарлық акционер Қоғам тіркеушісіне акционерлердің жалпы жиналысының күнтәртібіндегі сұрақтар бойынша шешім қабылдау кезінде басқа акционерлермен біріктіруін сұрауға құқылы.
- Миноритарлық акционердің өтінім білдіру тәртібі және Қоғам тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі құнды қағаздар ұстаушылар реестрі жүйесін жүргізу бойынша келісімшартта бекітіледі.
- 10.13. Қоғамның акционерлерінің жылдық, кезекті немесе кезектен тыс жалпы жиналыстарының күнтәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдар акционерлерге Заң талаптарына сәйкес қалыптастырылып берілуі тиіс.
- 10.14. Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу акционерлер жалпы жиналысы белгіленген күннен (өткізілмей қалған) кем дегенде бір күннен кейін өткізілуі тиіс. Акционерлердің жалапы жиналысын қайта өткізу акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысы белгіленген жерде өтуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының қайта өткізілуі жағжайында жиналыс күнтәртібіндегі сұрақтар өтпей қалған акционерлер алпы жиналысының күнтәртібіндегі сұрақтардан ерекшеленбеуі тиіс.
- 10.15. Акционерлердің жалпы жиналысының күнтәртібіндегі сұрақтар директорлар Кеңесімен қалыптастырылады және олар талқыға салынатын нақты құрастырылған азын аулақ маңызды сұрақтардан тұруы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күнтәртібіндегі сұрақтар ірі акционермен немесе директорлар Кеңесімен толықтырылуы мүмкін, егер акционерлер мұндай толықтырулар жайында жалпы жиналыс өтетін күнге кем дегенде он бес күн қалғанда хабардар болса немесе Заңмен бекітілген тәртіппен. Күнтәртібіне өзгертулер мен толықтырулар олардың енгізілуіне акционерлер жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің (немесе олардың өкілдері) көпшілігі дауыс берген жағдайда және олардың қолында Қоғамның дауыс беруші акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызы болса ғана енгізіледі.
- 10.16. Акционерлердің жалпы жиналысы күнтәртібіне енгізілмеген сұрақтарды қарастырып олар бойынша шешім қабылдауға құқықтары жоқ.
- 10.17. Акционерлердің жалпы жиналысы күнтәртібіндегі сұрақтарды қарастырып олар бойынша шешім шығаруды егер акционерлерді тіркеу аяқталған кезде қатысуға және дауыс беруге құқылы акционерлер мен олардың өкілдері тіркеліп қойған

- кезде бастауына болады, егер акционерлер Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызына ие болса.
- 10.18. Акционерлердің ғайта өтетін жалпы жиналысы күнтәртібіндегі сұрақтарды қарастырып олар бойынша шешім қабылдай алады, егер:
- 1) кворум болмау себебімен өтпей қалған акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;
  - 2) оған қатысуға тіркелу аяқталған кезде қосындысы қырық және одан көп қоғамның дауыс беруші акцияларына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), сонымен қатар сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелсе.
- Акционерлер саны он мың және одан да көп Қоғам Жарғысымен акционерлердің қайта жалпы жиналысын өткізуге азырақ (қоғамның дауыс беруші акцияларының он бестен кем болмауы) кворум қарастырылуы мүмкін.
- 10.19. Акционерлерге сырттай дауыс беруге бюллетеньдер жіберілсе, көрсетілген бюллетеньдермен көрсетілген және жалпы жиналыстың қатысушыларын тіркеу кезінде кворумды анықтау және дауыс берудің қорытындысын шығару кезінде есепке алынады.
- Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде кворум болмаса сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің қайта жалпы жиналысы өткізілмейді.
- 10.20. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына жеке қатысып, қарастырылатын сұрақтар бойынша дауыс беруге немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға құқысы бар.

Қоғам Басқармасының мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөйлеуіне құқылары жоқ. Қоғам жұмысшылары акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөйлеуіне құқылары жоқ, келесі жағдайларды қоспағанда, өкілдік сенімхатпен расталып, акционерлердің жалпы жиналысының күнтәртібіндегі сұрақтар бойынша дауыс беруге қатысу туралы нұсқаулар нақты жазылса. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, дауыс беруге акционер атынан өкілдік етуге сенімхатсыз Қазақстан Республикасының заңнамаларымен расталған немесе сенімхатсыз өкілдік етуге құқық беретін келсімшарты бар тұлғаларға сенімхат қажет емес.

- 10.21. Акционерлердің жалпы жиналысының ашылуына дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционер өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, оның атынан дауыс беру құқығын беретін сенімхатты көрсетуі тиіс.
- Тіркеуден өтпеген акционер (акционер өкілі), кворум анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
- Ерекшеленген акциялар иегері болып табылатын Қоғам акционері күндізгі түрде өткізілетін акционерлер жалпы жиналысында болуға және онда қарастырылатын сұрақтарды талқылауға қатысуға құқылы.
- Егер Қоғам Жарғысы немесе акционерлер жалпы жиналысының шешімімен басқаша бекітілмесе, акционерлердің күндізгі түрде өткізілетін жалпы жиналысына шақырусыз басқа тұлғалар да қатыса алады. Мұндай тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқысы Қоғам Жарғысымен немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен бекітіледі.
- 10.22. Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақытта кворум болса ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан ерте басталмайды, тек келесі жағдайлар болмаса, барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыс басталу уақытының өзгертілуіне қарсы емес.

- 10.23. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (президиум) және хатшысын тағайындайды. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру формасын анықтайды – ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша). Егер Қоғам Жарғысымен басқаша бекітілмесе, акционерлер жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын сайлау кезінде әр акционер бір дауысқа ие және шешім қарапайым түрде қатысушылардың көпшілік даусына сүйенеді. Басқарма мүшелері акционерлер жалпы жиналысына төрағалық ете алмайды, тек егер жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы Басқармаға кірсе ғана.
- 10.24. Акционерлер саны жүзден аз қоғамда анау комиссиясының қызметін акционерлер жалпы жиналысының хатшысы атқарады.
- 10.25. Акционерлер жалпы жиналысы тек күнтізбіндегі барлық сұрақтар қарастырылып олар бойынша шешім қабылданған соң ғана жабыла алады.
- 10.26. Акционерлер жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы жүзеге асырыла алады. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің дауыс беруімен бірге қолданыла алады (аралас дауыс беру), немесе акционерлер жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылады. Сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамаларымен анықталады.
- 10.27. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» принципімен жүзеге асырылады, келесі жағдайлардан басқа:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстар санының максималды мөлшері шектелген;
  - 2) директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;
  - 3) акционерлер жалпы жиналысының өткізілуіне қатысты үрдістік сұрақтарды шешу үшін акционерлер жалпы жиналысында дауыс беру құқығына ие барлық тұлғаларға бір дауыстан беру.
- 10.28. Кумулятивтік дауыс беру кезінде акциялар бойынша берілетін дауыстар толық директорлар Кеңесінің мүшелігіне үміткердің біріне берілуі немесе директорлар Кеңесінің мүшелігіне үміткерлер арасында таратылуы мүмкін. Директорлар Кеңесіне сайланған болып көбірек дауыс жинаған үміткер саналады.
- 10.29. Дауыс беру нәтижесінде дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып оған қол қойылады. Акционерлер жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге қорытындыларды бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау арқылы немесе әр акционерге жазбаша хабарламаны акционерлердің жалпы жиналысы жабылған соң он бес күнтізбелік күн ішінде жіберу арқылы жүзеге асырылады.
- 10.30. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан соң үш жұмыс күнінің ішінде жасалып қол қойылады.
- 10.31. Акционерлер жалпы жиналысының хаттамасына қол қоятындар:
- 1) акционерлер жалпы жиналысының төрағасы (президиум мүшелері) және хатшысы;
  - 2) санау комиссиясының мүшелері немесе хатшы;
  - 3) қоғамның он немесе одан да көп дауыс беруші акцияларын иемденіп және акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлер.
- Егер хаттамаға қол қоюы міндетті тұлға қол қоя алмайтын болса, оның орнына оның сенімхат негізіндегі өкілі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған сенімхатсыз өкілдік етуге рұқсат етілген тұлға қол қоя алады.

- 10.32. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі:
- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы мен орналасқан жері;
  - 2) акционерлердің жалпы жиналысы өтетін уақыт, мерзімі және орны;
  - 3) акционерлердің жалпы жиналысына көрсетілген Қоғамның дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;
  - 4) акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
  - 5) акционерлердің жалпы жиналысының күнтәртібі;
  - 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
  - 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиум) және хатшысы;
  - 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөздері;
  - 9) дауысқа салынған акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылған күнтәртібіндегі әр сұрақ бойынша акционерлердің дауыстарының жалпы саны;
  - 10) дауысқа салынған сұрақтар, солар бойынша дауыс беру қорытындылары;
  - 11) акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.
- Жалпы жиналыста директорлар Кеңесін сайлау туралы (директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау туралы) сұрақ қарастырылса, акционерлер жалпы жиналысының хаттамасында таңдалған директорлар Кеңесінің мүшесі қай акционер өкілі болып табылатыны және (немесе) таңдалған директорлар Кеңесінің мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор екені көрсетіледі.

## БАП 11. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 11.1. Директорлар Кеңесі – Қоғамның Заңмен және (немесе) Жарғымен тек акционерлердің жалпы жиналысы уәкілеттілігіне жүктелген сұрақтарынан басқа қызметін басқарушы мекемесі болып табылады.
- 11.2. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен директорлар Кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқаруы кезінде мадақтаулар төленеді және/немесе Қоғамның директорлар мүшесі қызметін атқаруы кезіндегі шығындары өтеледі. Мұндай мадақтаулар мен өтемақылардың көлемі акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен бекітіледі.

### 11.3. Директорлар Кеңесінің уәкілеттігі

- 11.3.1. Тек директорлар Кеңесінің уәкілеттігіне келесі сұрақтар жатады:
- 1) Қоғамның қызметінің маңызды бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
  - 2) акционерлердің жылдық немесе кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
  - 3) акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде жарияланған акциялардың санына байланысты орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны туралы, оларды орналастыру (сату) әдісі және бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 4) Қоғаммен орналастырылған акцияларды немесе басқа құнды қағаздарды сатып алу туралы және оларды сатып алу бағасы туралы шешімдер қабылдау;
  - 5) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
  - 6) Қоғамның жарты жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
  - 7) Қоғамның облигациялар мен қосымша құнды қағаздарды шығару талаптарын анықтау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдау;

- 8) Басқарманың сандық құрамын, лауазым мерзімдерін анықтау, оны басқарушысы мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар лауазымдары мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) лауазымдық еңбекақы мөлшерін және еңбекақы төлеу талаптарын анықтау және Басқарма басқарушысы мен мүшелерін үстемақымен мадақтау талаптарын анықтау;
- 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, лауазым мерзімдерін анықтау, оны басқарушысын және мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың лауазымдарын мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит өзіметінің қызметкерлерінің еңбекақыларының мөлшері және төлеу талаптарын және оларды үстемақымен мадақтау талаптарын анықтау;
- 11) қаржылық есепке жүргізілетін аудитті жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның қызметінің бағасын анықтау, сонымен қатар Қоғамның акциясына төлем ретінде берілген мүлік немесе ірі шарт пәні болып табылатын мүлік бағасын бағалаушы қызметінің құнын анықтау;
- 12) корпоративтік хатшыны тағайындау, лауазымының мерзімін анықтау, лауазымын мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар оның еңбекақы мөлшері мен мадақтау талаптарын анықтау;
- 13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту, соның ішінде директорлар Кеңесі, Басқарма туралы Ережелер (тек Басқарманың Қоғам қызметін ұйымдастыруға қатысты құжаттарынан басқа), сонымен бірге аукциондарды өткізу талаптары мен тәртібін және қоғамның құнды қағаздарына жазылымдарды бекіту;
- 14) Қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 15) Қоғаммен басқа заңды тұлғаның он және одан көп пайыз акцияларын (жарғылық қаржыда қатысу үлесін) сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 16) қоғамның міндеттерін оның өз қаржысының он және одан көп пайызын құрайтын шамаға көбейту;
- 17) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпияларын анықтау;
- 18) ірі шарттар немесе оларды жасауға Қоғамның қызығушылығы бар шарттар жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 19) паельқ инвестициялық фонд құру туралы шешім қабылдау;
- 20) паельқ инвестициялық фондтың ережелерін бекіту, сонымен қатар паельқ инвестициялық фонд ережелеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 21) паельқ инвестициялық фондтың кастодианын таңдау;
- 22) паельқ инвестициялық фондтың активтерін сенімді басқару келісімшартын бұзу туралы шешім қабылдау;
- 23) акционерлік инвестициялық фондты сенімді басқару келісімшартын жасасу және бұзу туралы шешім қабылдау;
- 24) Директорлар Кеңесінің комитеттері туралы және оның құрамы туралы ережелерді бекіту;
- 25) заңды тұлғаның қызметі сұрақтары туралы, акционерлердің жалпы жиналысының уәкілеттігіне жататын, акцияларының он және одан көп пайызы Қоғамға тиесілі болса;
- 26) Заңмен және (немесе) осы Жарғымен қарастырылған тек акционерлер жалпы жиналысының уәкілеттігіне жатпайтын басқа да сұрақтар.

- 11.3.2. Тек директорлар Кеңесінің уәкілеттігіне жатқызылған сұрақтар Қоғамның Басқармасына шешімге беріле алмайды.
- 11.3.3. Директорлар Кеңесі осы Жарғыға сәйкес оның Басқармасының уәкілеттігіне берілген сұрақтарды шешуге қатыса алмайды, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдай алмайды.
- 11.3.4. Вето құқығы бекітілген сұрақтар бойынша директорлар кеңесі шешімдерін «алтын акция» иесімен келіседі.
- 11.3.5. Директорлар кеңесі тиіс:
- 1) лауазымдық тұлғалар мен акционерлер арасындағы потенциалды дауларды зерттеп және мүмкіндігінше оларды жоюға, соның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз қолдану және шарт жасасу кезінде заңсыз әрекеттерге бару;
  - 2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылау жүргізу.
- 11.4. **Директорлар Кеңесінің құрамы. Лауазымдар мерзімі**
